

63,3 (5К23)
К 41

ҚАРАСАЕВ ОРЫНҒАЛИ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
312-АТҚЫШТАР
ДИВИЗИЯСЫ

Ерлер есімі
Ұмытылмасын

ҚАРАСАЕВ ОРЫНГАЛИ

**Қазақстандық
312-атқыштар
дивизиясы**

*Ерлер есімі
ұмытылмасын*

F. СЛЯНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ФЫЛЫМИ
ӘМБЕБЕП КІТАПХАНА

№15 417048 240

2015

УДК 355/359

ББК 63.3(5Каз)

К41

Карасаев Орынгали.

Қ14 Қазақстандық 312-атқыштар дивизиясы. Ерлер есімі ұмытылмасың. - Атырау, 2015. – 13366.

ISBN 978-9965-452-54-3

1941 жылы Москва түбіндегі ауыр шайқасқа Ақтөбе қаласында құрылған 312-атқыштар дивизиясы Москва түбіндегі шайқаста 11296 жауынгерінің 9500 адамынан айырылып, 1941 жылы желтоқсанда таратылды. Бұл кітапта автор ұмытылған қазақстандық дивизияның майдан жолын зерттеп, хабарсыз кеткен қашарман жауынгерлердің Отан үшін ерлігі мен Ұлы Жеңіске қосқан үлесін анықтаған.

УДК 355/359
ББК 63.3(5Каз)

ISBN 978-9965-452-54-3

Карасаев О., 2015



(1915-1941)

312-атқыштар дивизиясының 1081-полкі
7-ротасының жауынгері
Құсалиев Елемеске арналады



*Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығын республика
колемінде кеңінен тойлан, жастары жүзге аяқ
басқан, кеуделерінде ордендер мен медальдар
жарқыраган ардагерлерге лайықты құрмет
корсетіліп жатыр.*

*Согыс қаншама адамга ажал мен
бақытсыздық, қайғы мен қасірет, жазылмас жан
жарасын әкелді.*

*Елі үшін жсанын қиган ерлер есімдерін ұмытпау
– борышымыз. Біз, бейбіт өмір сұрушілер, олардың
рухы алдында мәңгі қарыздармыз.*

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда 12-атқыштар дивизиясы мен төрт атты әскер дивизиясы, жеті атқыштар бригадасы және жекелеген 50-дей полк пен батальондар жасақталды.

1941 жылы Москва түбіндегі ауыр шайқаска Қазақстанда құрылған 312, 316-атқыштар дивизиясы қатыстырылды.

Жау армияларының шабуылдарына тойтарыс беріп, Москванды қорғауга Қазақстандық дивизия үлкен үлес кости. 312-атқыштар дивизиясы Москва түбіндегі шайқаста 11296 жауынгерінің 9500 адамынан айырылып, 1941 жылы желтоқсанда таратылды.

312-атқыштар дивизиясы жөнінде кеңестік кездің ешқандай дерегі жок, ешкім оны ауызға алғысы келмеді. Тарихшы ғалымдар совет қолбасшыларының қателіктері туралы тіс жарып ештеңе айтпады. Әскери бөлімдердің шегінісі мен жауынгерлерінің баудай қырылғаны жөнінде мүлде үндемеді.

1941 жылдың сүренсіз күзінен соғыстан қайтпай қалған туыстарынан мәлімет табылып қалар деген үмітпен ізденіп жүрген замандастарымыз да аз емес.

Жұбайым Дәметияның ағасы 312-атқыштар дивизиясының 1081-полкі, 7-ротасының жауынгері, 1941 жылы із-түссіз жоғалғандардың бірі - Құсалиев Елемес еді. Өмір жолының үзілген себептерін анықтау мақсатында осы кітапты жазуға бел будым. Бұл іске менің балаларым да белсенді араласты.

Еңбекті жазу кезінде Ұлы Отан соғысына тиісті ресми құжаттарды, маршал Г.К.Жуковтың әскери мемуарларын, 312-дивизияның командирі, генерал А.К.Наумовтың, тағы басқа да әскери басшыларының естеліктерін, кеңес және неміс тарихшыларының зерттеулері мен очерктерін оқып, ой елегінен өткіздім.

Соғыс туралы жазылған құжаттармен танысқан кезде 312-атқыштар дивизиясының, 1081-полкінің 208 жауынгерінің есімдерін анықтадық. Ол кезде полк сарбаздарының тізімі де сақталмаған екен.

Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстан халқының саны 6,4 миллион болса, оның 1,2 миллионы соғысқа алынды. Соғыска 1905 жылы туылғандар, жасы 18-ден асқан ер-азаматтар жұмылдырылды.

1915 жылы Астрахань губерниясының Красноярск уезі № 11 Орпа ауылында дүниеге келген Құсалиев Елеместе Қызыл армия қатарына шақырылды. Экесі Қосалы 69 жаста

болса, анасы Дәріш 59-да еді. Екі қарындастының үлкені Сагида он төртте, кішісі Дәметия он жаста болатын.

1941 жылы 22 мамырда КПСС қатарына қабылданар кезінде жазған өмірбаянында былай деп көрсеткен:

«Революцияга дейін ата-анам мал баққан кедей шаруа болды. Оларда не бәрі 2-3 сиыр, 1 түйе, 15 шақты қой-ешкі болған. Әкем Ахметов Қосалы Астрахань қаласындағы байларға жалданып, 20 жыл бойы балық аулап күн көріпти. Революциядан кейін, 1919 жылы ауыр жұмысқа деңсаулығы жарамай, күн көріс қамымен қазіргі Есбол ауданы Индер ауылына көшіп келді. Бұл ауылда Сыпаниязов Есқали деген байға жалданып бір жыл жұмыс істеді.

1921 жылы күн көрісінің қындауына байланысты Гребенщик селосына көшкен. 1921-1930 жылдары аралығында карапайым шаруа болды. 1930 жылдан бері «Красин» колхозының мүшесі. Тұыстарымыздың ішінде байлар жоқ».

Елемес Гребенщик селосында бастауыш мектепті бітірген соң, Бақсай ауданына қарайтын Сарайшық селосында колхоз жастарының мектебіне оқуға түседі. Ата-анасының түрмисының ауырлығына байланысты Елемес оқуын тастап, егіс жұмыстарына араласады. 1929 жылы комсомол қатарына қабылданды.

Ауылдастарының айтуыша, ол өте еңбеккор, батыл, әзілге де кенде емес жігіт болған. Қазақ тілін де, орыс тілін де жетік білетін талабы таудай жігіт болышты.

1934 жылдың басында оны Гребенщик ауылдық кеңесінің хатшысы етіп сайлайды. 1935 жылы «Красин» колхозында бастауыш комсомол үйімшінің хатшысы болған.

1938 жылы қараашада «Красин» колхозының басқарма төрагасы, 1939 жылы Қазақ ССР жергілікті кеңесінің сайлауында Гребенщик селосы бойынша ауылдық кеңесінің депутаты больш сайланған.

1940 жылы Есбол ауданы Гребенщик селосының атқару комитетінің хатшысы болып қызмет аткарған.

«Прикаспийская коммуна» облыстық газеті беттерінде Гурьев облысына қарайтын аудандарда болып жатқан айтулы оқиғаларды жазған мақалалары жарияланып тұрды. Газет тілшісі Дмитрий Шамин Елемеспен хат жазысып, егін жұмыстарына дайындықтары, тұқымдық астық мөлшері туралы, ауыл-шаруашылық куралдарының жай-күйі, еңбекке деген адамдардың қызығушылығы, ынтасы туралы сұрап біліп отырды. Дмитрий Елеместі сенімді дос, үйимдастырушылық қабілеті жоғары, сауатты басшы ретінде танып білді.

Есбол ауданында көкеніс, бақпа шаруашылығының дамығанын, бұдан бірнеше жыл бұрын жеміс ағаштары отырғызылғанын Шамин билетін. Ол Елеместен 1-ші Бүкілқазақстандық бау-бақша шаруашылығы бағбандарының кеңесінде оқылған баяндамаларға пікір жазуын сұрады. «Елеместен бір емес екі мақала алғаным ате қуаныштымын, - деп жазыпты Д.Шамин. - Елемес жақсы фактілерді келтіріпті. Жақында газеттен оқимыз. Не туралы және қалай жазу жөнінде сұрауын аз емес еді. Міне, тамаша жазыпсың! Мен саған «Испулаев» деген псевдоним ойлан қойдым. Газеттен осы авторды іздейсін. Елемес, енді егін жинау жұмысы қалай жүріп жатқаны туралы жақсы фактілерді - пішен шабу ісіп және шөп жинайтын тракторлар босқа тұрып қалмауын, орылған шөптің құргап кетпеуін - жазарсын. Қысқасы, бәрін де жазуға болады».

Шамин жұмыс бабын сұрау кезінде Елеместің ата-анасы, қарындастарының жайын сұрауды естен шығармады. Үйіндегі төрт адамның - 69-жастагы әкесі, 59-жастагы шешесі, 14 пен 10 жасар қарындастарын - бағып отырган Елеместің жағдайын, бүкіл үйдің ауыртпалығын көтеріп жүргендігінен Шамин жақсы билетін.

Отбасы мүшелерін тамакпен, киіммен қамтамасыз ету - бәрі де Елеместің мойнында еді. Шаминмен хат жазысқан

кезінде тек қана жұмыс жайында әңгімелеспейтін. Үйдегі туыстарына жылы сыртқы киім, іш киім, сол кездегі зәру тамақтың бірі - шайды қалай табуға болатынын да сұрайтын. Дмитрий мен жұбайы Настя Гурьевте Елемес сұраған заттарды қайдан сатып алуға болатынын айттып, көмектесіп отырды.

Екі достың балалық, жігіттік шағы табиғаты сұлу Жайықтың жағасында Гребенщиково селосында өтті. Жазда дала кілемдей құлшырып жайнап кететін. Жылқылар бүйірі шығып тойып жайылса, киіктөр тобы жөңкіп жонелетін. Жайық жағасында алыш емендер мен нәзік кайындар самсан тұратын.

Орманды далада тиін, қоян, тұлкі, құндыш, қасқыр сияқты андар, өзенде көксерке, шоқыр, сазан көп болатын.

«Елемес, дала керемет шығар. Гребенщиковтың таза ауасын қомагайлана жұтып демалар ма еді. Айырмен, шанышқымен сазан аулайтын шығарсындар.

Жайықты мен күнде көріп жүрмін. Көпірмен 3-4 рет былай да былай жүремін, бірак Гребенщиковтегі өзен суындағы емес. Онда ағыс жылдамырақ сияқты», - деп күрсіне, сағына еске алады Шамин 1941 жылы 12 мамырда жазған хатында.

1941 жылдын 22 мамырында сыртқы істер комиссары В.М.Молотов герман фашизмі СССР-ге басып кіргені туралы бүкіл елге радиодан хабарлады. Сол күні бейбіт оміріміз күрт бұзылды.

1941 жылдың 15 шілдесінде Кусалиев Елемес, Қадір Тәжиев, Петр Жегуловцев, Константин Толмачев Есбол аудандық әскери комиссариатына шақырылып, Ақтөбеге жасақтадып жаткан Қазақстандық дивизияга Гурьевке дейін «Пионер» паромымен жеткізілсе, одан әрі поезден аттандырылды.

1941 жылдың 17 шілдесінде полковник А.Наумов қасында дивизия командирлері, саяси жетекшілерімен бірге Ақтобеге келді.

Александр Федорович Наумов, 1986 жылы Ақмолада дүниe келген, еңбек жолын қазақ мектептерінде орыс тілі мұғалімі болудан бастаған. 1916 жылы прaporщиктер дайындастыны курска қабылданып, оны бітіргеннен кейін әскери қызметіне кіріседі. Азаматтық соғысқа қатысады, 22 жасында атқыштар бригадасының командиры болған. 1934 жылы М.Б.Фрунзе атындағы әскери академияны бітірген.

Жаңа дивизияны жасақтауга не бәрі 2 апта уақыт берілді. Ақтөбе облысынан - 6654, Оңтүстік Қазақстаннан - 3264, Батыс Қазақстаннан - 1700, Гурьевтен - 691,

Қызылордадан - 450 адам жұмылдырылды. Оның 4460 - орыс, 3556 - казақ, 2012 - украин, 212 - өзбек, 184 - татар, 86 - тәжік, 74 - түркмен, 23 - белорус болды.

Штаб бастығы болып майор Нетесов, атқыштар полкінің командирі подполковник Бурков, 1081-атқыштар полкінің командирі – подполковник Корней Михайлович Андрусенко, 1083-атқыштар полкінің командирі капитан Автандилов болып тағайындалды. 859-артилериялық полкті капитан Волошин, саперлік батальонды капитан Путенков басқарды.

Әскери норматив бойынша дивизия кұрамында 14,5 мың адам болуы керек, ал 312 атқыштар дивизиясын жедел жасақталуына байланысты 11296 жауынгер штаты бекітілді. Оның ішінде:

- армияда қызметін өтегендер - 5069 адам;
- әскери бөлімдерде 45 күннен астам дайындық жиынынан өткені - 442 сарбаз;
- ОСОАВИАХИМ-н дайындығынан өткендері - 3200 адам;
- әскери дайындықтан алғашқы өткендер - 4684 адам.

Есбол ауданынан келген Қосалиев, Тәжиев, Жигулевцев үшеуін подполковник К.Андрусенко басқаратын 1081-атқыштар полкіне бөлді. Корней Михайлович Андрусенко 1899 жылы Чернигов

губерниясының Парафиевка селосында туылған, ұлты украин. Ол үш жылдық бастауыш мектебін бітіреді де, помешикке малай болып жалданады. Токарлықты үйреніп, заводта жұмыс істейді. 1918 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Азamat соғысына катысады. 1938 жылы Ортаазиялық әскери округіне қызметкө тағайындалды. Жергілікті атқыштар әскерлерінің командирінін орынбасарына дейін жоғарылады. М.Фрунзе атындағы әскери академияны бітірген.

Келген күннен бастап жаңа шақырылғандарға әскери оқу сабактары үйимдастырылды. Наумов 1941 жылдың 17 шілдесіндегі №1 бүйрығында *«Ұрыста не қажет болса, соган үйретіңдер. Бір минут та босқа жіберілмесін»*, - деп атап корсетті.

Мобилизацияланған бөлімдер қала сыртындағы Қаргалы аймагында ОСОАВИАХИМ лагерінде, пионер лагерінде орналасты.

Елеместің оку-дайындық жаттығуларында жүргендігін хатарқылы білген туыстары катты қуанды. Елеместе әкешшесін, туыстарын жатса-тұрса ойлаумен болды.

Өзі бір үйдің ауыртпалығын көтеріп жүр еді, менсіз олардың күні не болады деген ойлар маза бермеді. Олар

қыншылықтардан қалай өтеді? - деген сан-сұрақ алаңдатада берді.

Амандық хат!

Күрметті аса артық көретін ата-анамызга және қарындастарымызға сағынышты сәлем!

Менде ауылдан кеткендегідей денім сау аман жүріп жатырмын, шолдің 20-сы күні Ақтөбеге келдік. Гребенищуктен кеткен Толмачев, Жегулевцев және Қадір бәріміз бір жердеміз. Осы арага орналастық, келгеннен бері оқып, ойнат жатырмыз, күйіміз жақсы. Жақында ауылга барадын деп берген телеграмма қате болды, дуелде жаңылыс шыгарған еken. Қазірде ботен айтартық ештеңе жоқ тек амандық білдіру. Елекенде, уй ішіне коп-көп сәлем.

- 1. Биылғы 1941-жылдың қалдық 22 кг етін төлемеңдер, Советтен анықтама алып Райуполкомзакқа арыз берсеңдер босатар.*
- 2. Шаруа салығынанда жеңілдік болуы керек, соны Абдрахманмен Қөжекпен сойлесіп, сұрап тиісті жеңілдікті алыңдар, олар қалай босайтынын айтып береді гой.*

3. Страховка салығынан босату жөнінде Советке арыз беріп көріңдер, дұрыс қараса не түгелдей, не жартылай босатуы мүмкін.

4. Менің кетерде тапсырып кеткен Бапашқа бер деген 90 сом ақшамды, сонысын Абдрахманнан алған ақшаны да бермеген болсаңдар кешіктірмей тауып беріңдер. Мал сата қалсаңдар тиісті бәсіне жеткізіп сатыңдар, бұл турысында Рахметке ақылдасыңдар. Орынсыз не болса соган беріп қоймаңдар. Сиыр сатсаңдар орнына мал алыңдар мүмкіншілік болса.

5. Колхозда тергеу жүргізген үшін маган 50-60 еңбек күн тілді. Соны жаздырып алыңдар...

Амандықтарыңызды білдіріп тез хат салыңдар. Мен кеткелі қандай өзгеріс бар және осы хаттагы менің тапсырмаларым жөнінде не істеп жатырсыңдар.

Ескерту: Менің хатты кешіктіріп салған себебім, бір жерге тұрақтагансын салайын, сендердің жіберген хаттарың келмей қалар деп есептеп едім.

Елемес

17 тамызда Елек пен Қаргалы озеніне жақын жерде плацдармда 312-атқыштар дивизиясы әскери ант қабылдады. Жауынгерлер өздерінің тағдыры не болатынын, басшылық қандай әрекет жасап, қандай шешім шығаратынын ойлап тағатсыздана күтіп тұрды.

Елемес көзі ашық сауатты адам болатын. Ана тілін де, орыс тілін де жетік менгерген, екі тілде де кітаптарды оки беретін. Үйінде К.Маркс, В.И.Ленин, Н.Г.Чернышевский, орыс жазушыларының көркем әдебиет шығармалары сақтаулы. И.Куприн, А.Чехов шығармаларын оқып, керек жерлерін жазып алыпты.

Қарындасы Сагидаға жазған хатында кітаптарды, дәптерлерді, жазбаларды, достарымен жазысқан хаттарды сақтап қоюды өтінеді. Сәлемдеме жібергенде дәптер, қалам, сиялы қарындаштар салуды ұмытпауды сұрайды.

Сагида!

Дендерің сау амансыңдарма, сендерден әлі бірде хат келген жоқ. Жазбайсыңдар білем, ендігі жерде жсі-жсі жазып тұр. Менде денім сау аман жүріп жатырмын.

Дәметия екеуің оқудан қалып қоймаңдар, бір күн жібермей оқи беріңдер. Сабакта үлгерімдерің туралы

маган жазып отырыңдар. Папам мен мамамды кейітпей тілдерін алып айтқандарын жасап жүріңдер.

Мамама айт, қонышын қысқалау етіп бір пар аяққа киетін шұлық, жақсы жүмсақ жүннен және екі пар саусақты биалай тоқып жіберсін, білезігін ұзын етіп. Сонысын өздеріңде болса аздағ май жіберіңдер және ұлтарақтық шамалылау киіз салып жіберіңдер.

Менің үйдегі қагаздарым, кітап, тетрадь тағы басқаларын дұрыстап жинап қой, шашылып қалмасын. Кетерде саган берген қагазды сол өзім айтқандай етіп сақта.

Үйдегі облигацияларды бір жерге жинап сактаңдар, шашылып қалмасын және не болса соган беріп қоймаңдар. Бізге поселкі келеді, почтадан қалаі жіберіп тәртібін сұрап алып, дұрыстап тігіп жіберіңдер. Посылкінің ішіне 25-30 тетрадь, бір қаламсан, 5-6 сия карандаш, 10 шақты қаламшы салып жіберіңдер. Осы заттарды тез жіберіңіз. Осы хат болған соң тез хат жазыңыз. Ақбаланың үй-ішіне көп сәлем.

Кош болыңдар!

Елемес

Ел басына ауыр күн туды, вермахтың жоғары командованиясы №35 бүйрығы бойынша кеңес армиясы қыстың басына дейін тас талқан болуы керек. 1941 жылдың 30 қыркүйегінде «Центр» армиясының генералы фон Бок Москваға шабуылдайтын күштерін шағырландырды. Бейбіт жатқан ел ештеңеден хабарсыз. 30 қыркүйекте бас қолбасшы *«Біздің әскерлер бар майдан бойынша қорғанысты сақтап тұр»*, - деген қуанышты хабарын жеткізді. Қыркүйектік аяғында 560 неміс самолетін атып құлатқанын естіп, ел еңсесі бір көтеріліп қалды. Барлығы немістің жеңілетініне сенді.

1941 жылдың 30 қыркүйегінде Гитлер жар салған қарсыласымызды түгелдей жойып жіберетін ең соңғы шешуші шайқас болады деген. «Тайфун» операциясы басталды. Ол жоспар екі кезеңнен тұрды. Біріншісі Батыс майданын бұзып өтіп, Смоленск - Москва тас жолының солтүстік және оңтүстігінен басталуы тиіс.

Екі неміс танк топтары Қызыл Армияның қорғанысын бұзып өтіп, солтүстік және оңтүстік жағынан қысынқырап, кеңес күштерін қақпанға түсіру керек болатын. Бұл Вязьма маңында болуы тиіс еді.

Сол мезгілде Гудерианның танк корпусы Глухов аймағының оңтүстік-батысынан, солтүстік Украина

территориясы жағынан соққы беруі керек. Еременко әскерлерінің тылына теренірек еніп, герман корпусы Брянскі бағытына бұрылады. Осылайша үш кеңес армиясы коршауда қалады деп ойластырды.

Операцияның екінші кезеңі кеңес армиясының жаппай шегінуіне байланысты, танкі топтары оларды өкшелей кууына есептеді. Содан кейін Москванды аламыз деп үйгартын.

«Тайфун» операциясына вермахтың он төрт танк дивизиялары, сегіз моторлы дивизия, екі мотобригада, қырық алты жаяу әскер дивизиясы қатысатын болды. Шабуылды екі әуе флоты қолдайтын болған.

«Бас қолбасшы тылдан, Сібір мен Орталық Азиядан, Москва маңына стратегиялық резервтерін жеткізді. Жаңа жедел тактикалық бөлімдер құрылды»[9], - деп жазды А. Самсонов «Москва түбіндегі ұлы шайқас» атты кітабында.

17 тамыздың 18-иे Караган түні теміржолмен Ақтөбеден шыққан 312- дивизия Москва бағытына қарай кете бастады.

1941 жылдың 20 тамызындағы хатында Елемес дивизияның Ақтөбеден аттанғанын, қасында Қадір Тәжиев бар екенін, ол үйінен кеткелі бірде бір хат алмағанын жазыпты.

Амандық хат!

*Күрметті аса арқылы коретін ата-анамызға,
қарындастарымызға, ағамыз Елекене, жеңгейлеріміз
Ақпалаға, Толышқа көп-көп сәлем!*

*Бұл хат арқылы өзімнің денім сау амандығының
білдіремін. Бұдан бұрын бірбір рет хат жазып едім,
ауылдан бірде хат келген жоқ.*

*Біздің адресіміз өзгерді, Ақтобеден басқа жерге жүріп
кеттік. Қадір екеуміз біргеміз. Жаңа адрестің қайда
болатыны белгісіз. Маган жіберген хаттарың болса
кейін барап. Мен барған жерден жаңа адресті көрсетіп
хат не телеграмма жазармын, кешіктірмей хат
салыңдар. Менің жазған хатымды алған болсаңдар,
шаруашылық жайында жазып едім, соларды
жазыңдар, бізге айтуына қараганда сендерге айна 100
сомнан пенсия беріліп тұруы керек. Мен жаңа адресімді
телеграмма арқылы хабарлармын, хатты кешіктіре
кормеңдер.*

*Мен ауылдан келген киімдерімді мошекке салып
қайырып жібердім: одеял, піеджак, шалбар, 2 койлек, 2
майкі, 2 жаңа шұлық, 2 бет-орамал осыларды алысымен
хабарлаңдар.*

Казірде ботен айттай ештеңе жок. Абекеңнің, Зинештің, Рекеңнің, Қабдыраштың, Махметтің, Эжібайдың, Кошекеңнің үй ішіне көп-көп салем.

Кош болыңдар балаңыз Елемес

Хатты вагон жүріп келе жатқанда жаздым.

20/VIII 1941 жыл.

1941 жылдың 22 тамызында 312-атқыштар дивизиясы мен техникалары тиелген теміржол составы тиісті жерге келіп, Смоленск облысы Малоярославец бекетінде түсіріле бастанды.

Ставканың жаңа жарлығына сәйкес **тамыздың 23-де** 312-атқыштар дивизиясы кенеттен Солтүстік-Батыс майданы 52-резервтік армиясының құрамына қосылды.

Ставканың жарлығы бойынша 312-атқыштар дивизиясын Валдай аймағына женелтті.

Алғашкы ұрыс Новгород түбінде, содан соң Борок, Заречье, одан әрі Демьянскіде, Ильмен көлінің онтүстік-батысында, Старая Руссада болды.

52-армияны ұрыстық ретке келтіру туралы Ставканың

№ 001200 жарлығы:

Кошірме: Солтүстік-Батыс бағытындағы Солтүстік майданы әскерлері басшыларына

23 тамыз 1941 жыл, сағат 05,40 минут

Бас қолбасшы басқаруындағы Тихвин, Малая Вишера, Валдай, Осташков шебіндегі 52-резервтік армияны Волхов өзені жағындағы корсетілген шепке ұрыстық ретке келтірілсін.

- 1. Армия қолбасшысы генерал-лейтенант Клыков Н.К, штаб бастығы генерал-майор Ляпин П.И болып тағайындалсын.*
- 2. 52-армия құрамы: Волков аймагында – 285 атқыштар дивизиясы, Волховская пристань аймагында – 292 ад, Тихвин бекеті маңында – 288 ад, Хвойная маңында, Песь бекетінде – 314 ад, Боровичи аймагында – 316 ад, Валдай маңында- 312 ад, Окуловка маңында - 294 ад, Череповец маңында – 286 ад болсын.*
- 3. Армия штабы Окуловка бекетінде орналассын. Армия басқармасын жасақтауга 25-атқыштар корпусының басқармасын назарга алсын.*

4. Орындалысы жөнінде хабар жеткізілсін.

Жогары Бас қолбасшы – И. СТАЛИН

Бас штаб бастығы – Б. ШАПОШНИКОВ

ЦАМО. Ф. 148а. Оп. 3763. Д. ПО. Л. 14, 15 түпнұсқа

26 қыркүйектен бастап вермахт әскерлері кеңес күштерінің бес армиясын талқан қылды. Соғыс тарихында бұндай талқандар бұрын болмаған еді. Фашисттер 665000 жауынгерлерімізді тұтқынға алып, 3718 артиллерияны, 884 әскери бронды машинаны колға түсірді.

Германия шаттыққа боленді. Жеңіс тіпті жақын қалды, Совет басшылығын азғындауға ұшыратып, шешуші ең соңғы соққы беруғана қалды деп ойлады. Гитлер Москваға шабуыл жасауга бүйрек берді. Операция «Тайфун» деген құпия атқа ие болды.

30 қыркүйекте «Қарсыласты толық құртып жіберетін шешуші соңғы шайқас болады» деп жоспарлаган «Тайфун» операциясы басталды. 3 және 4-танкі дивизиясы, одармен бірге 10-мотожаяу әскер дивизиясы мен 24-танкі корпусы Глуховтың шығысына қарай жылжыды. Сол жақта 17, 18-танкі дивизиясы мен 47-танкі корпусының 29-моторлы

дивизиялары алға жылжыса, оларға ілесе 48-танкі корпусы мен екі жаяу әскер корпусы ерді. 2-танкі топтары Москвандың солтүстігіне бет алды. 60-тан астам неміс дивизиясы Москва үшін қиян-кескі ұрыс жургізді, шамамен 5000-нан 10000-га дейін адам болды.

30 қыркүйекте таңертең танкілер мен танкіге қарсы зенбіректердің атқан оқтары Вязма мен Брянск қалаларын алуға басталған ұрыс екенін жариялағандай болды.

Неміс армиясы жан-жақты кең шенбер жасай отырып, қыса бастады. Бұл соғыс тарихында «Вязма қазаны» деген атпен қалды.

Вязміге басып кірген фон Мантойфель Москва тас жолына да жетіп, оны кесті де таstadtы. Дәл сол кезде Брянск тубінде Гудерианның 2 корпусы Еременконың қарамағындағы біздің үш армияны солтүстік және онтүстік жағынан қақпандағы қысты да қалды.

Кеңес армиясының басшылығының міндепті - фашистерді Москваға, Қызыл Аланға өткізбеу еді. Москвандың қорғаудың ең негізгісі - Бородино мен Можайск арасындағы майдан шегі болатын. Бұл Ресей тарихында ете маңызды роль атқарды. Дәл осы жерде 1812 жылы Наполеон армиясы талқандалған еді. Кеңес Армиясының ставкасы Гитлерді осы жерде тоқтатуды шешті.

1941 жылы қазанның алғашкы күндері Подмосковьееде 5-армия қайтадан жасақтала бастады. Оның жинақталуы өте тез жүргізілді.

№ 363

Москва әскери округі және Батыс майданы әскери кеңесінде, 1-гвардиялық атқыштар корпусының командиріне Можайск қорғаныс шебін қоргайтын әскери басқарманы Москва резервтік майданына озгерту және 5 және 26-армияларды жасақталуы туралы ставканың

№ 002815 жарлығы

9 қазан 1941 жыл, 22 сағат 45 минут

Әскерилерді жетік басқаруы үшін Бас қолбасшы ставкасы бұйырады:

1. Можайск шебін қоргайтын әскерлер басшысы генерал-лейтенант Артемьев пен оның аппараты Москва резерв майданы басқармасы болып озгертілсін. Осы майданының басшысы - генерал-лейтенант Артемьев тағайындалсын.

Москва майданының шегі: оң жақта - Беңсек, Кимры, Дмитров, сол жақта - Бронницы, Коломна, Рязань, барлығы Москва резервілік майданына тиісті.

2. 11 қазанга дейін 32, 312, 110 атқыштар дивизиялары 11, 19, 20-танкі бригадалары мен 36 мотоцикл полкі және Можайск қорғаныс шебіндегі бөлімдері Москва резервілік майданың 5-армиясының құрамына енгізілсін. 5-армияның қолбасшысы етіп 1-гвардиялық атқыштар корпусының қолбасшысы генерал-майор Лелюшенко тагайындалсын.

Ажырау сызықтары: оң жақта - Зубцов, Солнечногорск, сол жақта - Детчино, Лопасня, барлығы 5-армияга тиісті.

3. 10 қазанга дейін Орлов багытын қоргайтын 26-армия жасақталсын, оның құрамына 6-атқыштар гвардиялық дивизиясы, 5-дүе десанты корпусы, НКВД полкі, 4-танк бригадалары, 41-атты әскер дивизиясы, 1-гвардиялық корпус жаңындағы күшеттілген қорғану құралдары енгізілсін. 26-армия Бас Қолбасшы Ставкасына тікелей багынады.

Ажырау сызықтары: оң жақта - Бетово, Семеновское, Дубна, Алексин, бәрі 26-армияга тиісті,

сол жақта - Верховье, Волово станциясы, Ожерелье станциясы, бәрі 26-армияга тиісті.

26-армияның штабын қалыптастыруға 1-гвардиялық (атқыштар) корпусының штабын назарға алсын.

Бас қолбасшы ставкасы

И. СТАЛИН

Б. ШАПОШНИКОВ

ЦАМО, Ф. 148а. Оп. 3763. Д. 96. Л. 64, 65. түпнұсқа

Осы сәттегі ең маңызды міндет - ентелеп алға ұмтылыш келе жатқан жауды тоқтатып, көмекке әскер құштері келгенше ұстап түру болатын. Бұл үшін Можайск қорғаныс шебіне 4 армия: 16 армия Волоколамск бағытына, 5-армия Можайскіге, 43-армия Малоярославец бағытына, 49-армия Калугага қарай жылжыды.

Қазанның 2-күні таңда немістің «Центр» армиясының басты құштері Батыс және резервілік майданың әскерлеріне тегеуірінді мықты сокқы берді.

Қазанның 4-күні фашистер Юхнов қаласын үздіксіз бомбалады.

5 қазанда біздің барлаушы -ұшқыш Юхнов каласына қарай фашист танкілері мен бронды машина колонналарының бара жатқанын көрген. Екінші барлау Варшава тас жолымен екі қатар болып танкілер, жаяу әскерлер мен әскери керек-жараптары тиелгендеген фургондар келе жатқанын растиады. Малоярославец қорғаныс шебі бойынша кезекші Москва әскери округтінің әскери кеңесіне Юхновтен арбалы керуендері мен қашқындар туралы хабарлаған.

Қазан айының басындағы жағдайға Г.К.Жуков:

«Басшылық қолында ешқандай резерв қалмады. Отіріктен өзге ештеңде де жоқ Москваға баратын жолдың бәрі ашиқ»[3.51], - деп баға берген.

5-армияда шұғыл өзгеріс жасалды. 3, 312, 316-атқыштар дивизиялары майданның өзге аумақтарына жіберілді. 110-дивизия 3-армияның, 316-дивизия 16-армияның, 312-атқыштар дивизиясы 43-армияның құрамына қосылды.

1941 жылдың 5 қазанда 312-атқыштар дивизиясы Ерынья станциясынан Наро-Фоминск станциясына жөнелтілді.

№ 331

52-армияның қолбасшысына 316, 312-атқыштар дивизияларын Волоколамск және Наро-Фоминск аймагына жіберу туралы ставканың жарлығы
Көшірме: Москва әскери округінің қолбасшыларына

5 қазан 1941 жыл, 16 сағат 40 минут

Жоғарғы Бас Қолбасы Ставкасы 316, 312 атқыштар дивизияларын теміржолмен МЭО қарамагына жедел жонелтуді бұйырады.

316-атқыштар дивизиясы - тиеку станциясы - Крестцы ст. маңы, басталу уақыты 20.00 5.10.1941ж.; түсіру аймагы- Волоколамск ст. маңы;

312-атқыштар дивизиясы - тиеку станциясы - Ерињя, Валдай ст., басталу уақыты -20.00 5.10.1941ж.; түсіру аймагы – Наро-Фоминская ст. маңы.

Тасымалдау жылдамдығы әр дивизия үшін тәулігіне 10 поезд.

Жүктеу кезінде әуеден қорғану 52-армияның қолбасшысының оқіміне, түсіру кезінде әуеден қорғану МЭО әскери қолбасшысының оқіміне сәйкес жүргізіледі.

*Қабылдау және орындауды туралы хабар
жеткізілсін.*

Б.ШАПОШНИКОВ

№ 2940/оп ЦАМО. Ф.

48а. Оп. 3408. Д. 4. Л. 327. Түпнұсқа

Қазанның 8 күні полковник А.Наумов майдандағы жағдаймен танысып, Малоярославец участкесін басқаруды қолға алды.

Қазанның 9 күні 312-атқыштар дивизиясы теміржолмен жетіп, түскен бойда Москвадан 120 шақырым жерде үрүсқа кіреді.

«Өкінішке орай, сол кезде зенитті қаруларымыз да жоқ еді. Фашистік авиация бізге шабуыл жасай берді. Авиациясы біздің атыс позицияларымызға да, 312-атқыштар дивизиясы түсіріле бастаған станциялар мен бекеттерді атқылап, бомбалай бастиады...»[7.11-12], - деп жазды А.Ф.Наумов «Варшава тас жолында» деген еңбегінде.

Қазанның 10 күні Батыс майданының қолбасшысы болып армия генералы Г.К. Жуков тағайындалды. Батыс

майданың әскери болімдеріне қолбасшының бүйрығы жеткізілді.

«Ленинградты бір аптада басып аламыз деген фашист әскерлері шабуыл басталғаннан бері он мыңдай солдатынан айырылды. Қолбасшылары берген уәдесі орындалмады. Біздің әскерлер фашистер шабуылын тоқтатты. Ленинградты басып ала алмаган соң, Москваға ауыз салып отыр. Осы шабуылдарга фашистер білімі таяз, түрлі қашқан-пысқандардан, азғындық топтарды – бәрін де жұмылдырып отыр. Фашист авантюрлеріне қарсы соққы беріп қана қоймай, оларды құртып жіберетіш сәт туды. Қатардагы қызыл әскерден бастап командирлерге дейін бір кісідей жұмылып, оз отанымыз үшін, Москва үшін қаһармандықпен, ержүректілікпен шайқаса білуіміз керек. Бұндай жағдайда қорқақтық пен дүргеленеңдік корсеткендік отанын сатқан опасызben тең. Осыған байланысты бүйирамын: Қарулары мен техникаларын, оз позицияларын тастап рұқсатсыз кеткендерді, ұрыс алаңынан қашқан қорқақтар мен дүргеленешілдер сол жерде атылсын. Әскери трибунал мен майдан прокуроры осы бүйрықтың орындалуын қамтамасыз

етсін. Жолдас қызыл әскерлер, командирлер мен саяси жетекшілер! Ер жүрек қайсар болыңдар. Бір қадам да артқа шегінбейміз. Отан үшін алға!»

Малоярославец бекінісін қорғауға айтарлықтай күш жұмылдырылды. Оның құрамына 312-атқыштар дивизиясы 859 артиллерия полкімен бірге, подольскілік жаяу эскер училищесі мен артиллериялық училищесі курсанттары енді. 312-дивизияның полктарі Юрьевское, Остреево, Ильинское, Вихляево, Машкино, Касилово қорғаныс шептерінде орналасты.



Ильинск қорғаныс секторының оң жақ қапталын қорғауға 1083-атқыштар полкі мен 312-атқыштар дивизиясының 859-артиллеријалық полкінің 2-дивизионы жайғасты. Сол жақ қапталда 359-артиллерија полкінің 1079-атқыштар полкінің 3 дивизионы орнықты.

1081-атқыштар полкі Детчиноның онтүстік-батыс жағында, Малоярославецкіге баратын негізгі жолын бөгеп, онтүстік секторын қорғайды. Командирі - майор С.П.Лунев. Полктің ұрыс дайындығы екі эшелоннан құралды. Бірінші эшелонда 2,3-батальон, екіншіде - 312-атқыштар дивизиясының 859 артиллеријалық полкінің 1-дивизионы болды. Подольск училищесінің курсанттарынан құралған 4-батальонға Детчино секторының он қапталын қорғау жүктелді.

Қазанның 11-де 312-атқыштар дивизиясы өздеріне тиісті ұрыс теліміне орналасып болды. 220 шақырымдық қорғаныс шебінің 65 шақырымдай жеріне полктер орналасты. Варшава тас жолының екі жағындағы қорғаныс аймағына дивизиялар бекінді. Батальондар өз бастақ әскери бірлік болып, аралары өзге әскери бөлімдермен толықтырылды.

Неміс дивизиялары астанамызды қорғаудың екінші, соңғы қорғаныс шебіне үш бағытта - Малоярославецкіден,

Нарофонинскіден және Можайскіден шығатын жолдармен шабуыл жасады. Ұрыс жағдайының ауырлығына байланысты Батыс майданының эскери кеңесі жауынгерлерден табандылық пен қажырлылықты, құрбан болуды талап етті.

1941 жылдың 27 қыркүйегіндегі соңғы хатында Елемес Құсалиев былай деп жазыпты:

Амандақ хат!

Күрметті аса артық көретін ата-анамызга және қарындастарымызға көттен көп сағынышты сәлем!

Денім сау аман есен жүріп жатырмын, өзіміздің алдымыздагы тиісті міндеттімізді орындан, халіміз жақсы, деніміз сау жатырмыз. Бұл жерге келмestен бұрын, жолшыбай үйге тағы 3-4 кісіге хат жазғанбын және бұл жерге келгесінде 30/VIII-күні, 5/IX-күні екі рет хат жаздым алған боларсыңдар, біздің қай жерде еkenімізді сол хатымда жаздым. Бірақта сіздерден хат келмейді, ауылдан кепкелі бірде хат алғаным жоқ ешкімнен де, себебінің не еkenін білмеймін, ауылдан хат келгенін тәуір көріп тұрамыз. Қадір екеуміз біргеміз, басқа жігіттердіңде дені сау. Сіздерден көп отініш ететінім маган хатты жсі жіберіп тұрыңдар. Мен

ауылдан кеткелі қандай өзгеріс жаңалықтар болды, азаматтар түгел елдеме. Өздерінің дендерің сау ма, хатты қалдырмай жазыңдар, қандай салықтардан босадыңдар, пенсия береме, хатта көрсетіңдер. Егер пенсия бермеген болса, военкомат пен Райисполкомге арыз беріңдер. Сіздердің жеұмыска жаралдыларың жоқ қой, турлі алым-салықтардан түгел босауларың керек, тиісті жеңілдіктеріңді ала алмай қалып жүрмеңдер. Азгантай малдарыңды қалай багып тұрсыңдар, несін саты, п несін қалдырдыңдар, жазыңдар.

Сагида мен Дәметия екеудің оқудан қалмасын, қолдарыңнан келгенше мүмкіншілік тұгызып оқытыңдар. Мектеп қастарыңда гой, оқу жасындагы балаларды оқытпай қалу қазір қылмыс екенін білесіңдер гой.

Мені көп уайымдан жүрмеңдер, мен сендердің балаң болғандықтан менің үйде отырганымды тәуір коргенмен болмайды. Отанымызды қоргауга бүкіл совет халқы аттанаип отырганын білесіңдер, соның ішінде мен сияқты бірнеше сендердей қарттардың балалары, сіздердей шалдарда бар. Сіздер отан үшін колхозга қолдарыңнан келген еңбектеріңді сіңіріп, азгантай шаруаларыңды багып отыра беріңдер.

*Елекенің өзіне, үй ішіне көп-көп сәлем айттыңдар.
Әбекенің, Рекенің, Отардың, Жұмажсанның,
Шымырбайдың, Зекениң, Дүйсенниң және басқа сұраган
азаматтардың өздеріне және үй іштеріне көп-көп сәлем!*

Кош.

Жазуышы балаңыз Елемес

Адрес

991 полевая почта 1081 полк

7 стрелковая рота красноармейцу Кусалиеву Елемесу

27.IX-1941ж.

11 қазанда 312-атқыштар дивизиясының қолбасшысы, подполковник А.Наумов Детчино селосының маңын қорғап жатқан подолскілік курсанттарының 4-батальонын күшету үшін 45-мм зеңбіректерімен 1081-полкінің батальонын көмекке жіберді.

Қазанның 12-де вермахт әскері машиналарымен ағылыш келе бастады. 30 автомашинадан тұратын бір колонна Боровск тас жолына қарай бағыт алды. Сағат 17:00-ге жақын жаудың мотожаяу әскері 50 машинамен Быковоны

алып, Детчинога жылжыды. Біздің әскерге көмекке 1081-атқыштар полкінің 2,3-батальонын жіберді.

«13 қазанда екі жақтың күштерінің ара салмағы мынадай: танкілермен, авиациямен, механикаландырылған құралдармен қаруланған жау әскерлері бізге қарағанда күшті еді. Жеке құрамдагы жаяу әскерлер жағдайы үш ессе, артиллерияда төрт есе асып түсті»[5.64], - деп жазды И.Красильников.

13 қазанда Малоярославец бағытындағы Ерденово, Хрустали қорғаныс шебіне А.Наумов 1081-атқыштар полкінің бірінші батальонын аттандырды.

Күн бата жау Митрофановканың онғустігі жағындағы қорғаныс шебінің сол қанатын бұзып өтіп, Ильинскінің шығысы жағынан тылға қарай кіріңкіреп кетті. Ильинск-Малоярославец аймағындағы тас жолды кесіп тастады.

Сол күні кешке 15 танкі мен десанттардан тұратын қарсыластар тобы Ильинск ұрыс теліміне тыл жағынан шабуылдады. Қазақстандық дивизия полктері қоян-қолтық ұрыса жүріп, кескілескен шайқас жүргізді. Немістер оларды қоршап алды. Тірі қалған азгантай жауынгер 859-артиллеријалық полкпен бірге жауға қарсы соғыса берді.

Қазанның 14 күні кешке қарай жау Тауровоны басып алып, Детчиноның онғустік жағына кірді. Кеңес

армиясының бөлімдері ойсырай жеңілді деген жау онбай қателесті. Бүгін жеңілсе, ертең қайтадан сапқа тұрып соғысқа дайын тұрды. Детчино секторындагы ауыр ұрыс жалғаса берді. Гитлершілдер жаяу әскерлері мен танкі үсті-үстіне шабуылдаپ, селоны үш рет алуға әрекет жасады. Авиациясы 1081-атқыштар полкі жауынгерлері мен курсанттар позициясын бомбалады. Малоярославец ұрыс аймағының және 312-атқыштар дивизиясының командирі подполковник А.Наумов фашистерді биіктікten тықсырып тастауды бұйырды[8].

Қазанның 15 күні таңертең 1081-атқыштар полкі қарсы шабуылға шығып дүшпанды селоның арғы жағына ығыстырып тастады. Қарсыластарымыз сол күні Детчиноға үш рет шабуылдады. Немістің от атқыш қаруы доттарды жалынға орады. Айнала қара тұтін. Қанша ауыр болса да жауынгерлеріміз ұрыс позицияларын тастамай, асқан табандылықпен шайқасты, сол жерде мерт болды.13 неміс танкісі қиратылды, қалғандары кейін шегініп кетті.

«Детчиноны маңғол (қазак) және сібірлік дивизиялар қоргауга қатысты. ... Бұл адамдар тұтқынға берілмеді... Қиян кескі ұрыс 5 күнге созылды. Неміс батальондары көп күшінен айрылды. 282, 289, 290-жаяу әскер полкінің саны айтарлықтай азайды, батальон, рота

командирлерінің көбі жарапқаттанды, оққа үшты. Саперлік батальон 100 адамынан айырылды»[4], - деп жазды әскери тарихшы Пауль Карель «Шығыс майдан. Гитлер шығысқа аттанды» деген кітабында.

16 қазан күні Детчино маңындағы 1081-полк позициясына жаудың 282,283,290-жаяу әскері полктері онгустік-батыстан және солтустік- шығыстан шабуылға шықты. Гитлершілдер батальонымызға әуеден үздіксіз бомба тастал, артиллеријалар мен минометтерден оқ жаудырды. Детчиноны басып алу мүмкін еместігіне көзі жеткен жау селоны айналып өтпекші болды. Детчиноның солтустік батысында Березовка селосының алдындағы 209,9 биіктігін басып алған жау біздің бірінші батальонға шабуыл жасады. Батальон кешке дейін қорғанысты ұстап тұрды. Жау селоның басқа жағынан шабуылдады. Детчино екі жағынан қыспақта қалып коршалды. Снарядтар да, патрондар да бітті, жауынгерлер штыкпен жауға қарсы көтерілді.

16 қазан 18:50 Малоярославецк үрыс алаңының Ильинск секторын қорғау майданын артиллеријамен үсті-үстіне соққылап алыш, жау шабуылға көтерілді. Варшава тас жолымен келе жатқан жаудың күші танк, авиация, жеке қурам бойынша да біздікінен бірнеше есе артық еді.

Солтүстіктен немістің 20-танкі дивизиясының белімдері, онтүстіктен 19-танкі дивизиясы алға жылжыды. Жау танкілерін Шумятино деревнясына жақын жіберінкіреп алып, біздің жауынгерлер оларды көздең ата бастанады. Немістің 60-тан аса танкісі отқа оранды.

Ильинск секторында болған ауыр шайқастардың қорытындысы туралы А.Наумов сағат 18:00-де армияның штаб басшысына былай баяндады:

«1.Жау күштері мен құралдары артық болса да, қорғанысымызды бұзып оте алмады, сағат 17:00-де тоқтатылды.

2.Біздің әскери болімдерде де айтарлықтай шығын бар.

3.Атыс қаруларымыз, артиллерия снарядтары, оқ-дәрілері ертеңге гана жетеді (17.10.1941ж.).

4.17.10.1941ж. жауга тойтарыс беруге дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

5.Малоярославецті қоргау бойынша шұғыл шешім қабылдауызызды сұраймын. Селоны қоргайтын күшім, құралдарым да таусылды».

Қазан айының 16 күні жасаған шабуылдарының жүзеге аспауы 4 неміс армиясының қолбасшылары үшін күтпеген жағдай болды. Гитлершілдер Можайск шебіне

танк топтары мен бомбардировщиктерді қоса отырып, ұрысты күштейте түсті.

17 қазанда жау күштері мен қорғану құралдары сан жағынан кеп болса да, кеңес армиясының сағын сындыра алмады. Қарсыласымыз сағат 16:00-ге жақын күшін толықтыру үшін шабуылдын тоқтатуға мәжбүр болды.

Малоярославец ұрыс алаңының командирі полковник А.Наумов 1941ж. 17.10. 18.00-де 43-армияның штаб бастығына былай баяндады:

- «1. Қорғанысымызды бұзып оте алмаган жау 1941жылы 17 қазанында сағат 16.00-ге жақын шабуылдын тоқтатты.
2. Алдын-ала жасалған болжасу бойынша жаудың шығыны орасан көрінеді. Біз де жеке қурал мен әскери техника жағынан үлкен шығынга үшінрадық.
3. Жеке құрамга қажетті тамак, оқ-дәрі, танкілер мен машиналарға жанар-жагармай, аттарға беретін жем-шөп, - бәрі де азайды. Осыған байланысты қолбасшыга баяндап, әскерлерді қараңғы түсे кейін шегіндіруге рұқсат етуін сұраңыз».

Батыс майданының басшысы армия генералы Г.К.Жуков 43-армияның қолбасшысы генерал-майор К.Голубевке армияны Нара шебіне шегінуге рұқсат берді.

